

## Н.Б. Мансұров, Б.Н. Темірханов

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,  
Қазақстан, Түркістан қ., e-mail: nurlan.mansurov@ayu.edu.kz

### АБАЙ ҚАРА СӨЗІНДЕГІ ҒАҚЛИАТ ТАСДИҚАТ ҰҒЫМЫ

Мақалада қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы ақын, ағартушы Абай Құнанбайұлының отыз сегізінші қара сөзі мазмұндық тұрғыда талданған. Талдау барысында қара сөзде кестеленген ой-тұжырымдардың сипаты әрі олардың қазақ ұлтының рухани болмысын қалыптастырудағы қызметі сараланған. Сондай-ақ ақын қолданысында кең орын алған шығыс тілдерінен енген кірме сөздердің мағыналық сипаты да қаралып, түп нұсқадағы ұғымы салыстырмалы түрде қарастырылған. Айталық, ядгар, иман, иғтиқад, сұнғат, т.б. Ал адам баласының түрлі мінездерге ие болып, онда жақсы мінездің қалыптасуын ағартушы, ақын ақыл мен ғылымға негіздеген тұжырымдамасын авторлар орынды ашып көрсеткен. Себебі ғылымға жету үшін де ерекше махаббаттың қажеттігіне баса назар аударылған. Сол арқылы өзінің жаратушысын, мына қоршаған дүниені танып білетіндігі сөз етілген. Авторлар Абай Құнанбайұлының білімді игергендердің ақиқатты тани алатынын әрі олардың қашанда заман сұранысына сай адам болып жетіліп, ғылыми көзқарасы қалыптасып, салауатты да салихалы азамат ретінде танылатынын басшылыққа алып, оның күні бүгінге дейін маңыздылығын жоймағандығын ұсынады. Себебі ақынның ұсынған қара сөздегі ой-тұжырымдары қазіргі қоғам үшін де өшпес мұра болып қала бермек.

**Түйін сөздер:** қара сөз, ғақлия тұжырым, ғақлиат тасдиқат ұғымы, ғылымның махаббаты, ақыл мен ғылым.

N.B. Mansurov, B.N. Temirkhanov

Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University,  
Kazakhstan, Turkestan, e-mail: nurlan.mansurov@ayu.edu.kz

### The concept of gakliat tasdikat in the words of edification of Abay Kunanbayev

The article analyzes the content of the thirty-eighth word of edification of the poet, enlightener Abay Kunanbaev, the founder of the Kazakh literary language. The analysis characterizes the embroidered ideas of the poet and their role in shaping the spiritual nature of the Kazakhs. And also the semantic meaning of the borrowed words and their meaning are examined and a comparative analysis is made relative to the original. For example, yaggar, iman, ichthyhad, sungat, etc. And the authors pertinently revealed the concept of the poet, which is based on reason and science, enlightening the formation of a good character in which people have different personalities. This is because the emphasis is on the need for special love to achieve science. Through these actions, he shows how he knew his creator and the environment. The authors suggest that Abay Kunanbayev, guided by the fact that those who have acquired knowledge, can recognize the truth and always grow up to be modern people, develop a scientific worldview, be recognized as a healthy and virtuous citizen who has not lost its relevance to this day. This is because the poet's ideas in the words of edification will remain the indelible legacy of modern society.

**Key words:** the book of words, history of language, mutual language, truth affirmation concept, love of science, mind and science.

Н.Б. Мансұров, Б.Н. Темирханов

Международный казахско-турецкий университет имени Ахмеда Ясауи,  
Казахстан, г. Туркестан, e-mail: nurlan.mansurov@ayu.edu.kz

### Понятие «гаклиат тасдикат» в словах назидания Абая Кунанбаева

В статье анализируется содержание тридцать восьмого слова назиданий поэта, просветителя Абая Кунанбаева, основоположника казахского литературного языка. В ходе анализа характеризуются идеи поэта и их роль в формировании духовной природы казахов. А также рассматривается семантическое значение заимствованных слов и делается сравнительный анализ с оригиналом. Например, ядгар, иман, ихтихад, сунгат и т.д. Авторы раскрыли концепцию поэта, в основе которой лежат разум и наука, способствующие формированию характера у разных личностей. Это потому, что акцент делается на необходимости особой любви для достижения

науки. Он показывает, как через поступки он познал своего создателя и окружающую среду. Авторы предполагают, что Абай Құнанбаев, руководствуясь тем, что те, кто приобрел знания, могут распознать правду и стать «современными» людьми, развить научное мировоззрение, быть признанным здоровым и добродетельным гражданином, который не потерял свою актуальность по сей день. Это потому, что идеи поэта в словах назидания останутся неизгладимым наследием современного общества.

**Ключевые слова:** слова назидания, утверждение мудрости, концепция утверждения истины, любовь к науке, разум и наука.

## Кіріспе

Тұлғалы ойшыл, ақын Һәм ағартушы, ұлттың жаңа сипаттағы әдеби тілінің негізін қалаушы Абай Құнанбайұлы өлеңдері мен қара сөздеріндегі ұлттық болмысты, тұрмыс-тіршілікті, дүниетанымды, дін мен тілді танудағы ақын әлемін ашып көрсету бүгінде қайта қолға алынды. Онда оның мұрасына тағы бір рет зерделі зерттеулер жүргізіп, бүгінгі көзқараста, жаңаша бағытта талдау жасау көзделген. Өз кезегінде бұл – Абай Құнанбайұлы шығармашылығына зерттеу жүргізіп, талдап, саралау әрі ақынға деген құрмет. Өйткені ақын өлеңдері заман өткен сайын құндылығын арттырып келеді, тұжырымдары рухани қазына ретінде саналып, жаңаша қаралады.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қоғамдық сананы қайта түлетудің маңыздылығы туралы айтқанда «Ұлттық сананы сақтау және оны заман талабына бейімдеу мемлекеттік маңызы бар мәселе. Себебі сананы жаңғырту арқылы ХХІ ғасырда еліміздің тың серпінмен дамуына жол ашамыз» деген болатын.

Осы ретте ұлт жаңғыруының негізі саналатын ақын өлеңдері мен қара сөздерін басшылыққа алып, келешек ұрпаққа тәлім ретінде ұсыну аса маңызды. Мұнда қара сөздеріне, оның ішінде отыз сегізінші сөзін талдап, мағыналық түсінік беріп, мазмұндық сипатын ашу көзделді. Негізінен ғақлия тұжырымдарын саралау басты назарға алынды.

## Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Абай Құнанбайұлының шығармашылығы бүгінде жан-жақты сараланып, зерттеу нысаны ретінде қарастырылған. Онда тіл, әдебиет, тарих, философия, музыка, т.б. салалар бойынша арнайы ғылыми жұмыстар жүргізіліп, диссертациялар да қорғалған. Алайда оның қара сөздері, жеке-жеке тақырып ретінде діни танымдық тұрғыда қаралмаған. Сондай-ақ қара сөздердегі кірме сөздер мен сөз тіркестерінің діни

мағынадағы сипаты да кеңінен ашылмаған. Бұл ретте жұмыстың мақсаты ақын қара сөзіндегі діни ой-тұжырымдардың мазмұнын ашып, қолданыстағы кірме сөздердің мағынасына түсінік беру. Сол арқылы Абай Құнанбайұлының діни танымдық көзқарасын айқындау. Аталған мақсатқа жетуде мынадай міндеттер туындады:

- ақын қара сөздерінің әрқайсысы белгілі бір тақырыпты қамтитындығын айқындау;
- қолданыстағы сөздер мен сөз тіркестерінің мағыналық сипатын түсіндіру;
- ақынның таным сипатындағы ой-тұжырымдарын айқындау;
- болмыстың қалыптасуындағы рухани танымды Алла тағала арқылы ұғындырылған негізгі сипаттардың (субути сипаттардың) мәнін ашып көрсету.

## Ғылыми зерттеудің әдіснамасы

Зерттеу жұмысының әдіснамалық сипаты ретінде лигвистикалық салыстырмалы әдіс қолданылды. Оған қоса философиялық, әлеуметтік, психологиялық, діни, т.б. салалар бойынша сараптау, талдау әдістері басшылыққа алынды. Аталған салалардағы ғалымдар пікірлеріне иек артылды. Лексикалық талдауға ерекше назар аударылғандықтан тарихи-лексикологиялық еңбектерге де жүгінілді.

## Негізгі бөлім

Абай Құнанбайұлының қара сөздері көлемі жағынан шағын болғанымен әрқайсысы белгілі бір тақырыпты қамтиды. Айталық, бесінші сөз филологиялық, жетінші сөз психологиялық, отыз жетінші сөз афоризмдер және он екінші, он үшінші сөздері иман туралы жинақталған. Өзге сөздерден көлемі жағынан мол шығарма «Ғақлиат тасдиқат» атымен бөлек көшіріліп жүретін дін, мораль мәселелеріндегі үлкен толғау – отыз сегізінші сөз, дейді Мұхтар Омарханұлы (Auezov, 1967: 202).

Қара сөздер алғашқы кездері осы ғақлия атымен танылған-ды. Кейіннен қатар тіркесіп, бергін келе қара сөз түрінде қабылданды. Ол жайлы қара сөздерге шолу жасаған ғалымдар пікірлері

жетерлік. Абайтанушы, ғалым М. Мырзахметов: «Ұлы ақынның ой түбіне терең шомудан, өз заманының шындығы тудырып отырған түйінді мәселелерін сарапқа салудан туған ғақлия сөздері – Абайдың дүниетанымы мен ішкі дүниесінің сырын танып білуде мәні бар құбылыс. Осы себептен де ұлы ақын мұрасын зерттеушілер оның дүниеге көзқарасын білуді, танытуды сөз еткенде, алдымен, өздерінің зерттеу объектісіне ақынның ғақлия қара сөздерін алып отырады. Өйткені Абайдың дүниеге көзқарасы, негізінен, осы қара сөздерінде молырақ та әрі жүйелірек көрініс берген» дегенді айтады (Мурзахметов, 1994: 173).

Расында, Абай Құнанбайұлының бұл мұрасы жайлы зерттеулер кейіннен қолға алынды. Оның осы отыз сегізінші сөзінде адам баласының түрлі мінездерге ие болатындығын ерекше атайды. Сол мінездің жақсы болуы тек ақыл мен ғылымға тәуелді екенін жеткізеді. Ғылымға жету үшін де ерекше махаббаттың қажеттігін келтіреді. Бұл ғылымның махаббаты, яғни ғылымға махаббатпен қарау дегенді меңзейді. Ол: «*Ей, жүрегімнің қуаты, перзентлерім! Сіздерге адам ұғылының мінездері туралы біраз сөз жазып ядқар қалдырайын. Ықыласпенен оқып, ұғып алыңыздар, оның үшін махаббатың төлеуі – махаббат. Әуелі адамның адамдығы ақыл, ғылым деген нәрселерменен. Мұның табылмақтығына себептер – әуелі хауас сәлим һәм тән саулық. Бұлар туысынан болады, қалмыс өзгелерінің бәрі жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады. Талап, ұғым махаббаттан шығады*» деп келеді (Абай, 1977: 185).

Мұндағы сөздік қолданыстағы *ядғар* – еске салуды білдіреді. Парсы тіліндегі бұл сөз әсіл нұсқада қолданылғанымен мағыналық үйлесім сақталған. Ядқар парсы сөздігінде *память, воспоминание – жады, еске түсіру* ұғымдарын береді (Slovar, 1970: 739).

Ақын ғылымның махаббатын әуелі ақыл мен ғылымға негіздесе, оның себебін тәннің саулығы мен мықты зейінге түйістіреді. Ал олардың қалыптасуын ата-ана мен ұстаздан туындайтынын келтіреді. Әрі қарай ата-ана баланы ерте жастан ілім-білімге қызықтыра үйрету керектігін сөз етеді. Өйткені жастайынан ғылымға дағдыланған бала кейіннен өз бетінше іздене алатындай қабілетті бойында табуы керектігін алға тартады. Бұл ретте ақын баланың бойына мұндай жақсы қабілетті сіңіру үшін түрлі әдістерді қолдануды әбестік санамайды. Ал сол әдістердің нәтижесінде бала ғылымды махаббатпен көкsegендей болуын қалайды.

Қараңыз: «*Ғылым-білімге махаббаттандырмақ әлгі айтылған үшеуінен болады. Ғылым-білімді әуелі бастан бала өзі ізденіп таппайды. Басында зорлықпенен яки алдауменен үйір қылу керек, үйрене келе өзі іздегендей болғанша. Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпенен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады*» (Абай, 1977: 185).

Әрине, ақынның ұстанымы баланы білімге деген алғаш жасаған қадамын сүйіспеншілікпен болуын қалайды. Бала ғылымға деген мұндай махаббаттан кейін өзі бейімделіп, адам атына лайық болады деп сипаттайды. Сөз жоқ, адамзат баласы дүниеге келген соң адамдық сипатын танытатын белгілердің негізгісі де оның білімі, игерген ғылымы, дүниені тануы, сондай-ақ ұлттық жөн-жоралғылар мен салт-дәстүрді меңгеруі. Қала берді, қарым-қатынастар аясындағы мәдениеттің көрінісі де білімді болудың нәтижесінде қалыптасатыны да осында айқындалады. Ал адам болған соң ол өз жаратылысын, Абайша айтқанда, Алла тағаланы тануды қажет етеді. «*Сонан соң ғана алла тағаланы танымақтық, өзін танымақтық, дүниені танымақтық, өз адамдығын бұзбай ғана жәліб мәнфағат дәфғи мұзарратларны айырмақтық секілді ғылым-білімді үйренсе, білер деп үміт қылмаққа болады. Болмаса жоқ, ең болмаса шала. Оның үшін көбінесе балаларды жасында ата-аналары қиян-тишылыққа салындырып алады, соңынан моллаға берген болады, я ол балалары өздері барған болады – ешбір бәһра болмайды*» (Абай, 1977: 186).

Абай Құнанбайұлының ғылымға деген махаббатты айтпағы түбінде Аллаға деген сүйіспеншіліктің бір көрінісі. Себебі бірінші орында Алланы тану және ілімге ықылас қою маңызды. Осы тұста Иасауидің хикметтеріндегі «Алланы тану адамның өзін тануы» ұстанымымен ұштасқан (Кенжетай, 2004: 242).

Мұндағы *жәліб мәнфағат* – пайда келтіретін, *дәфғи мұзарратлар* – қателіктерге бой алдырмау мағынасында. Ата-ананың салғырттығы мен балаға жасаған қиянаттарын ақын ақыл таразысы арқылы осылай сынға алады. Өйткені бала білімді үйренбесе, адами болмысын қалыптастыра алмаса, онда ол бала өзін де, өзін қоршаған дүниені де тани алмай, адам атына лайық болмайды деп біледі. Ал адам болу үшін, ең бастысы, ол ақиқатты қиянаттан ажырататындай ақыл-естің иесі болуы ләзім. Олай етпегенде *ешбір бәһра* – нағыз білім пайдалы болмайтынын меңзейді.

Абай Құнанбайұлын толғандырған мұндай адам, оның ғылымға тікелей қатысты болғандығы.

Оған дер кезінде көңіл қойылуы керек деген тұжырым. Бұл қара сөздегі алғашқы бөлімде ата-ана баланы ерте жастан ілім-білімге қызықтыра үйрету керектігі жайлы сөздің қозғалуы, бала жастайынан ғылымға дағдыланса, әрі қарай ол өз бетінше іздене алатындай қабілетті бойына сіңіреді. Оған қажетінше көңіл бөле алмаған ата-аналар балаларын уақыт өте медресеге беруінің пайдасы әуелгіден әлсіздеу болады дейді.

Ақынның назарға алып отырған бала тәрбиесіндегі бұл мәселелер пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.) хадистерімен тұспа-тұс келеді: **«кішкентай балаларыңызға сыйлық жасап, олардың тәрбиесіне де ерекше мән беріңіздер!», «балалардың да өз әкелерінде ақылары барын ұмытпаңыздар!»** кез келген әке өз баласына жазуды, сызуды, жүзуді, садақ атууды үйретуі керек, сондай-ақ адал жолмен табылған нәпақадан тамақтандырғаны дұрыс» (İbn Mace, 2018: 342). Сондықтан «жәліб мәнфағат» сөзінде айтылғанындай дүние пайдаларына берілмей ғылымға иманындай бекем болу, екі дүниенің абадтығына себеп болатынын айтады (Beuhaki, 2015: 401).

Абай Құнанбайұлының меңзегеніндей адам өзін ғылымға бейімдейтін болса, сонда ол Алланың ілімін таниды, өзін таниды һәм мына дүниені жақсы тани бастайды. Оның ғылым үйренушілеріне берген осы үш жақты байланыстарын (Алла, Адам, Дүние) қарап, Қожа Ахмет Иасауидің прициптерінен алған әсерлеріне көз жеткізуге болады. Екеуінің көксеген мақсаттары да бір-біріне ұқсас. Себебі Абайдағы «жақсы адам немесе жарты адам» түсінігі Иасауи ілімінде «кәміл инсан» мазмұнында тарқатылған. Иасауидің тұжырымында адамның Алланы шын мәнімен танымақлығы, оның дүниеде ісі түгіл көңілін жамандыққа қимайтын ғылымға ғашық жан болатынын ұқтыру.

Балаға жастайынан ғылым үйрету үшін арнайы көңіл бөліп, білімге махаббатын ашу қажет. Сонда бала өскенде өздігінен білімге құмарланып, ғылымға ден қояды. Абай Құнанбайұлының айтып отырғаны, ғылымды талаптанып жүргендердің нағыз адами сипатпен әспеттеліп жатқандығы. Бұл ақынның ойдан айтып отырған сөзі емес сірә! Себебі әлемде біршама танымал тұлғалар осы пайымдарды еңбектерінде сөз етті. Мысалы, пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.) «ғылым Қытайда болса да, соны талап етіп ізденіңіз», «кімде-кім ілім үйрену жолына түссе, Алла оның жәннатқа барар жолын жеңілдетеді» десе, көне грек философы Сократ «менің білетінім ештеңе білмейтінім, өзгелер

оны да білмейді», «Өзіңді өзің танып біл!» деген тұжырымдарын айтып, ғылым адамды өзін танытатын әрі нағыз адам ретінде тәрбиелейтінін түсіндірген (İmam Müslim, 2015: 39).

Әрі қарай ойшыл ақын қиянат немесе қиянатшыл сөзі, ақиқатқа тура қарай алмайтын немесе көңілінде дүние мен ғылым таласқа түскенде ғылымға басымдық бере алмайтын жандарды сынға алады. Онда ақиқат, туралық қашанда жоғалмайтынын сөз етеді. Шындығында, Алла шыншыл, турашылдарды сүйеді. Қиянат жасап, иғтиқадқа, яғни иманға да сай болуды қаламаса, онда олар жарты адам кейпінде болады деп біледі. Өйткені қиянат жасаған бала ғылымды да, ұстазды да тани алмайды. Мұндай бала иманға да, иғтиқадқа да қиянат жасайды. Мұндағы иман иғтиқад – иман бірлігіне, иманға сәйкес, иманға сай болу (Slovar, 1994: 416).

*«Бұл қиянатшылар – жарым адам, жарым молла, жарым мұсылман. Олардың адамдығының кәмәләт таппағы – қиынның қиыны. Себебі Алла тағала өзі – хақиқат, растықтың жолы. Қиянат – хақиқат пен растықтың дұшпаны. Дұшпаны арқылы шақыртқанға дос келе ме? Көңілде өзге махаббат тұрғанда, хақылықты таппайды. Адамның ғылымы, білімі хақиқатқа, растыққа құмар болып, әрнәрсенің түбін, хикметін білмекке ынтықтықпенен табылады. Ол – Алланың ғылымы емес, һәмманы білетұғын ғылымға ынтықтық, өзі де адамға өзіндік ғылым береді. Оның үшін ол Алланың өзіне ғашықтық. Ғылым – Алланың бір сипаты, ол – хақиқат, оған ғашықтық өзі де хақылық һәм адамдық дүр. Болмаса мал таппақ, мақтан таппақ, гиззат-құрмет таппақ секілді нәрселердің махаббатымен ғылым-білімнің хақиқаты табылмайды»* (Abay, 1977: 186-187).

Бұл сөздерден ғылымға махаббатпен көңіл бөлмеген адамның ісі қашанда толық болмайтынын аңғарамыз. Ата-ана балаға сол махаббатты бере алмаса ол келешекте қай салада болмасын ғылымға қиянатпен қарайтынын негізге алады. Сондықтан Абай Құнанбайұлы мұндай адамдарды толық болмаған жарым адамға теңейді.

Абай Құнанбайұлы қиянатшыл адамдардың мұсылмандығына да күмәнмен қарайды. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.) хадисінде «шынайы мұсылман саналатын адам – тілімен де, қолымен де өзгеге зиянын тигізбейтін адам» деген (İmam Tirmizî, 2007: 12).

Қиянатшыл болған жан ғылымның хикметіне үніліп қарамайды. Себебі, көңілге ғылым-білім мен Алладан өзгеге махаббат қойып, мақсаты

дүниеге берілу болса, ол ізденістің барлығы ақиқатқа жетелемейді. Бұған қоса ғылым үйрену бір жағынан адамның адамдығын толықтырса, екінші, адам ғылымды үйрену арқылы өз Жаратушысын жақсы тани бастайды. Өйткені ғылым Алланың сипаттарының бірі. Ал кімдекім ғылымға шынайы көңіл бөліп, ізденіс жасайтын болса, ол адам мол сауапқа кенеледі әрі толық адам қалпына енеді. Ақынның тілімен айтқанда, адамның ғылымы ақиқатқа, растыққа құмарлықтан келіп шығады. Сонда ғана алдына мақсат етілген ғылымды игеруі соңына дейін нәтижелі болады. Сол себепті ақынның адамдықтың кәмәләт таппағын сөз етуі, толық адам болуы үшін көп кедергілердің болатынына ишарат болмақ. Бос мақтан мен мал таппақ, сол арқылы ғиззат-құрмет – лайықты құрмет табу, расында, ғылымда ақиқатқа қол жеткізбейді. Ғылымды – Алланың бір сипаты деген ақын оны ақиқат деп танып, оған деген құмарлық-ғашықтық адамдықтың сипаты деп біледі.

Ислам дінінің ең маңызды тіректерінің бірі иман-итикад мәселесі. Алла тағаланы тануда сипат екіге бөліп түсіндіріледі. Олар зати (6 сипат) және субути (8 сипат) сипаттар. Абай Құнанбайұлы адам баласының ғылымға көңіл қоюының жас кезден бастау алу керектігін айтса, сөзінің жалғасында ғылымда тура болу арқылы жақсы адам болатындығын нұсқаған.

*«Алланы бар дедік, бір дедік, ғылым, құдірет сипаты бірлән сипаттадық. Бұл бірлік, барлық ғылым, құдірет олула боларлық нәрселер ме? Әлбетте, ғылым құдіреті бар болады: хаяты – мағлұм, бірі – ирада, яғни қаламақ. Ғылым бар болса, қаламақ та бар. Ол еш нәрсеге харекет бермейді. Һаммаға харекет беретұғын өзі. Ол ирада ғылымының бір сипаты кәләм, яғни сөйлеуші деген, сөз қаріпсіз, дауыссыз болушы ма еді?»* (Абай, 1977: 190).

Сондай-ақ ғылым Алланың субути сипаттарынан болса, оған мынадай қосымша мағлұмат беріп өткен: хаят (Алланың мәңгілік тірі болуы), ғылым (Алла өткен мен келешекті, жасырын әрі жария барлық жағдайды біледі), самий (Алла барлығын естиді), басар (Алла барлығын көреді), ирада (Алла қалағанын орындайды), құдірет (Алла шексіз құдірет иесі), кәләм (Алла кәләм иесі), тәкуин (Алланың қалауы сол мезетте болады) (Іуас Çelebi, 2009: 103).

*«Алланың сөзі – қаріпсіз, дауыссыз. Енді олай болса, айтқандай қылып білдіретұғын құдіреті және басар, сәмиғ, яғни көруші, есітуші деген. Алла тағаланың көрмегі, естімегі, біз секілді көзбенен, құлақпенен емес, көргендей, естігендей*

*білетұғын ғылымның бір сипаты. Бірі – тәкуин, яғни барлыққа келтіруші деген сөз. Егер барлыққа келтірмегі бір өз алдына сипат болса, Алла тағаланың сипаты өзіндей қадім, һәм әзали һәм әдәби болады да, һәмшиә барлыққа келтіруден босанбаса, бір сипаты бір сипатынан үлкен я кіші болуға жарамайды. Олай болғанда ғылым, құдірет сипаттары секілді босанбай, һәр уақыт жаратуда болса, бір ықтиярсыздық шығады. Ол ықтиярсыздық Алла тағалаға лайықты емес. Оның барлыққа келтірмегі – құдіретіне ғана бір шарх»* (Абай, 1977:190).

Өткен ғасырларда Ислам сенімдік топтарының ішінде атойлап шығып Құранның жаратылғанын қалың мұсылманға мойындатқысы келген шатасқан сенімдік топтар да кездеседі. Осындай дінді қате түсінуге қарсы иммунитет қалыптастырған Абай Құнанбайұлының мұндағы қара сөзі, қазіргі күнгі қазақ халқының әлі де дін жолына бағдар берерлік мәнге ие. Олай дейтініміз өкінішке орай өз қандастарымыздың арасында «Алланың қолы, жүзі бар, күрсісі бар. Ол онда отырады. Себебі бұл Құранда жазылған» деген уәждерін алға тартып, Аллаға жалған сипаттар таңады. Ал Абай Құнанбайұлы бұған «Алла тағаланың көрмегі, естімегі, біз секілді көзбенен, құлақпенен емес, көргендей, естігендей білетұғын ғылымның бір сипаты» деп, Құранды қалай түсінудің халыққа тиімді жолын нұсқайды (Ismail Caliskan, 2016: 97). Өйткені Құранның аяттары мухаммад-мұташабих болып бөлініп, мухаммад аяттар ұғынықты болса, мұташабих аяттардың мәнін ұғу қашанда қиындық тудырған (Adilbayev, 2014: 119). Бұл мәселенің түйінін де ақын Аллаға қатысты айтылған ағза атауларын біз білетін шынайы ағзалар емес екенін ұқтырып, оларды Алланың ғылым сипатымен ұштастыру арқылы ұғындырады.

*«Бұл ғылым, құдіретте ешбір ниһоятсіз, ғылымында гафләт, құдіретінде епсіздік және нашарлық жоқ. Саниғын сұңғатына қарап білесіз. Бұл көзге көрілген, көңілге сезілген ғаламды қандай хикметпенен жарастырып, қандай құдіретпенен орналастырған, ешбір адам баласының ақылы жетпейді. Бірақ пендесінде ақыл – хукімиі, қайрат, қуат – қызмет қылушы еді. Соған қарап ойлайсың: Алла тағаланың сипатында солай болмаққа тиіс. Бірақ әуелде айтқанымыз: ғылым, құдірет – біздің ұғуымызға ғана екі хисап болмаса, бірақ ғылымда құдірет болуға тиіс. Олай болмаса сипаттар өз орталарында бірі тәбиғ, бірі матбуғ болады ғой. Бұл болса, тариф раббыға жараспайды»* (Абай, 1977:191).

Жаратушы Алланың сипатын жоғарыда айтып өткен болсақ, соның ішінде Алладағы ғылым сипатының еш соңы болмайды. Яғни пенденің іліміне ұқсап епсіздік, нашарлық жағдайларына душар болмайды. Алланың ілімі – ұшан теңіз. Абай ақын араб тілін керемет түрде қолданып, былай дейді: «Саниғын сұнғатына қарап білесіз» (Ibn Manzur, 2009: 42).

Саниғ – Жаратушы, сұнғат – жаратылған, яғни жаратылғанға қарап Жаратушыны тану жолын үйретпек. Әлемді оның ішіндегілерді, сондай-ақ адамды шебер жаратпақ Алланың ғылым құдіретінде тек хикметтер бар екенін ұқтырмақ. Мұндай керемет жаратылыстарды жоқтан бар еткен Жаратушының ісін ұғуға біздің ақылымыз жетпес. Тіпті адам баласының бойындағы нығметтердің мәнін ұғу да түпсіз тұңғық. Себебі, қара сөздегі бұл мағынаның төркіні Құранмен де ұштасып жатқанын аңғарамыз. Қасиетті Құран Кәрімнің «Нахыл» сүресіндегі «Алланың нығметтерін есептей қалсаңыздар, есебіне жете алмайсыздар» деген аятынан білуге болады (Quran Karim, 1991: 18).

*«Сегіз сипат қылып және ол сипаттар «Ла гаиру уә лә һуә» болып, бұлай айтуда, бұлардан бір өз алдына жамағат яки жамиғат шығып кетеді. Бұл болса келіспейді. Егерде сипаттарды әрбірін басқа-басқа дегенде, көп нәрседен жиылып, иттифақпенен құдай болған болады. Бұлай деу батыл, бір гана құдірет пендеде болған қуат; құдірет ғылым ақылдан басқа болатұғын, Алла тағалада болған құдірет – ғылым һәм рахмет. Ол – рахмет сипаты, сегіз сипаттың ішінде жазылмаса да, Алла тағаланың Рахман, Рахим, Ғафур, Уадуд, Хафиз, Сәттар, Раззақ, Нафиғ, Уәкил, Латиф деген есімдеріне бинаһи бір ұлығ сипатынан хисаптауға жарайды. Бұл сөзіме нақлия дәлелім – жоғарыдағы жазылған Алла тағаланың есімдері. Ғақлия дәлелім құдай тағала бұл галамды ақыл жетпейтін келісіммен жаратқан, онан басқа, бірінен бірі пайда алатұғын қылып жаратыпты. Жансыз жаратқандарынан пайда алатұғын жан иесі хайуандарды жаратып, жанды хайуандардан пайдаланатұғын ақылды инсанды жаратыпты» (Абай, 1977: 191-192).*

Алланың сипаттарында бір-біріне қарама-қайшылық кездеспейді. Әрі Алла шексіз құдіретке ие. Ал адамдағы құдірет тек күш-қуаты ғана. Сондықтан Алланың құдіреті жайлы сөз болғанда оны тек қуат деп қана емес, шексіз, яғни ғақлия дәлелі ретінде біз өлшеп біле алмайтын құдірет деп білуді ұғындырады. Оның құдіретінің санатындағы ғылым мен

рахмет жоғарыда келтірілген сипаттарда және есімдерінде орын алған. Рахмет сипаты қаншалықта біз айтып өткен субути (8 сипат) сипатқа жатпаса да, Алланың 99 есімдеріндегі Рахман, Рахим, Ғафур, Уадуд, Хафиз, Сәттар, Раззақ, Нафиғ, Уәкил, Латиф сынды көркем сипатының бірі деп айтуға болады (Celayir, 2014: 124).

Алланың шексіз ғылым иесі екендігіне ақли дәлелдің біреуі болса, дүние жаратылғалы бері мына әлемнің теңдессіз керемет бір жүйеде жұмыс атқарып келе жатқандығында болмақ. Өз кезегімен жансыз нәрселер жанды жануарлар қоректенетұғын азық болса, жанды жануарлар да ақыл иесі адамдардың пайдасына жаратылған. Яғни әлемдегі әрбір жаратылысты кездейсоқ деп айтуға болмайды.

Абай Құнанбайұлы ғылымға көңіл қойып, ғашық болуды әуелі Алланы тануға деген махаббатынан бастайды. Алланы тану кейбіреулері үшін ақли дәлел арқылы ойға тез қонымды болуы мүмкін. Ақын Абайдың айтып отырған ақли дәлелі де, Құран мен сүннет шеңберінен тыс әлемдегі болып жатқан адамның қатысынсыз керемет жүйенің жаратушысын іздеу тәсілі. Бұл әдісті Алла тағала Құран Кәрімде «ей, ақыл иелері, ойланбайсыңдар ма?», «түйенің қалай жаратылғанына және аспанның қалай жоғарылатылғанына (тірексіз) үңіліп назар салмай ма?» деген аяттар арқылы әлемдегі әрбір жаратылысты түсіндіріп, бұлардың жаратушысы шебер Алла екендігіне ақли дәлелдер ұсынады (Quran Karim, 1991: 17-18).

Ғылымға сатқындық жасамау қажет. Келесі жолдардағы «ғылымды сатып, мал іздемек», құдды қасиетті Құран Кәрімнің аяттарының түсіндірілуіндегі қазақша баламасы іспеттес: *«Біз ғылымды сатып, мал іздемек емеспіз. Мал бірлән ғылым кәсіп қылмақпыз. Өнер – өзі де мал, өнерді үйренбек – өзі де ихсан. Бірақ ол өнер гадаләттан шықпасын, шарғыға муафих болсын. Адамға хәлінше ихсанды болмақ – қарыз іс. Бірақ өзгелердің ихсанына сүйенбек дұрыс емес»* (Абай, 1977: 204-205).

Мұнда Алла тағала Бақара сүресінің 41-аятындағы: «...аяттарымызды құнсыз дүниеге бола айырбастамаңыздар» деу арқылы Құранды дүниелік кәсіп ететіндердің болатындығын негізге алады. Сол арқылы ғылымның саудасын жасап, дүниелік мақсатына ғылымды айырбастай салатын қиянатшыл адамдардың ісін сынға алып, қате әрекет екенін жеткізеді. Сөз жоқ, ғылыммен айналысып, оның пайдасын көруде еш әбестік жоқ екендігін айтады. Ғылымды үйренудің өзі ихсан, яғни жақсы амал. Өнер,

ғылымның барлығы да ақиқат шеңберінен шықпай, шаригатқа сай болуы тиіс. Сондықтан да Абай Құнанбайұлы ғылым мен дүние жинау мәселесін айтуда өз ойын «Дүние де өзі, мал да өзі, Ғылымға көңіл бөлсеңіз» деп түйеді.

Мұндағы мал бағуы мен ғылым бағуы қоғамдық әлеуметтік мәселелердің бірі. Әлеуметтік әрі ғылыми маңызға ие болған дүниелерде ермек үшін емес, одан керегін кәдесіне жаратсын деген ұғымды басшылыққа алады. Білімді алғанда өзгелерден көш бойы озық тұру маңызды емес, ақиқатты тануы, яғни өмір талабына сай қалыптасуы, ғылыми көзқарасы болуы, сондай-ақ салауатты да салихалы азамат болуы маңызды деп біледі. Дүние де, мал да еңбекпен келеді, алайда ғылымға ерекше көңіл бөлудің жөні бөлек екенін атап, дүние мен мал материалдық байлық, ал ғылым рухани һәм танымдық байлық екенін ұсынады.

### **Нәтижелері және талқылама**

Талдау барысында Абай Құнанбайұлының отыз сегізінші қара сөзіндегі ақыл, ғылымға деген сүйіспеншілік ұғымын ашып көрсету басты назарға алынды. Соның негізінде адамның адамдық ақылын, ғылымын, оған себеп болған тәттің саулығын, ал осылардың қалыптасуын ақын айтқандай талап, ұғым, махаббаттан келіп шығатынын барынша айқындадық. Мұның барлығы түптеп келгенде балаға жастайынан ғылым үйрету, ол үшін арнайы көңіл бөлу керектігін алға тартқан ойшылдың ойымен ұштасып келетінін кеңірек сөз еттік. Себебі ғылымға ден қойып, оған талаптанған адам нағыз адами сипатпен әспеттелетінін айтып жеткізуге тырыстық. Ал ғылымды танудағы Алланың сипаттарымен ұштастыруы Абай Құнанбайұлының дінді танып қана қою емес, оның ілімінің ұшан теңіз екендігін паш ету көзделді. Бұл тілдік тұрғыдан да керемет үйлесімін тапқан деуге болады. Оны ақынның «Саниғын сұнғатына қарап білесіз» деген анықтамасынан көреміз.

Әрине, талдауға негіз болған тақырыбымыз кірме сөздермен тікелей байланысты. Сондықтан ұсынылған қара сөздің стилі өзгеше болуы осыны аңғартады. Мұнда ақыл, ғылым һәм адамның мінездері туралы айтылғанымен, онда діннің негіздерін, шаригат қағидаларын қазақша айтуға болатынын ескерген абзал. Алайда ақынның діни терминдерді орынды пайдалануды да жат көрмегендігін ұсындық. Нәтижесінде біз Абай Құнанбайұлының діндар әрі араб тілін жақсы білгендігін тілге тиек еттік.

### **Қорытынды**

Сөз еткен отыз сегізінші сөз ғақлиат тасдиқат ұғымында терең әрі шығыстық сарында жазылып, меңгеруде біршама қиындықтар туғызатыны анық. Бұл бұрын-соңды мұндай көлемді еңбек болмағанының көрінісі. Еңбек алғаш «Ғақлиат тасдиқат» деп те аталған. Атауы арабша саналатын еңбекті бүгінде «Ақиқатты таныту» десек баршаға түсінікті болмақ. Өйткені шығарма тек қазаққа ғана емес, барша адамзат баласы үшін жазылған еңбек екендігі айқын көрініп тұрғандай.

Абай Құнанбайұлы өткеннен мол мәліметтерді меңгерген, соларды үлгі етіп, өз тұжырымдарында орынды пайдаланған. Оған біз келтірген Йасауидің ұстанымдарымен сабақтастықтарын келтіргеніміздің өзі жеткілікті болса керек. Бұл дәстүр жалғастығының негізгі көрінісі.

Тасдиқ – растау, бекіту, нақтылау мағынасындағы сөз. Ақын мұнда айтылған ой-тұжырымдарды нақтылау әрі бекіту арқылы ғылымның қажеттілігі мен пайдасын шарифи үкім арқылы түйіндейді. Соған иек артып, соны діни терминдер арқылы береді. Өйткені ғақлиат тасдиқат дегенде ақын адамдық болмыстың ғылымды игеру арқылы қалыптасатынын және ғылымды игерген адамның өзін, содан кейін өзін жаратқан Жаратушыны тани алатынын негізге алған. Сол себепті қара сөздегі сөз орамдары мен келтірілген нақли дәлелдер де түсінуге оңай соқпайды. Оған қоса діни терминдер қолданысы да түпкі қалпын сақтап, мағыналық сипаты да шарифи ұғымда берілген. Адамның ғылымға деген құмарлығын арттыруда қолданылған сөз орамдары қасиетті Құран Кәрім аяттары мен Пайғамбарымыз (с.а.у.) хадистерімен сабақтасып келеді.

Міне талдау барысында ақынның тұжырымын ашып көрсетуде сөздердің түпкі мағынасы мен қолданыстағы ұғымдар сөздіктерде берілген анықтамалар бойынша сараланды. Сондай-ақ бұл жайлы сөз еткен ғалымдардың пікірлері басшылыққа алынды. Талдау барысында филологиялық, философиялық, әлеуметтік, психологиялық, діни, т.б. салалардағы пікірлерге иек артылды. Өйткені ғақлиат тасдиқат ұғымы осы аталған салалармен тығыз байланысты. Мұның өзгешелігі де сонда. Кезінде бұл жайлы М. Әуезов: «Сыртқы стильдегі, тілдегі өзгешеліктер бұл сөздегі діндік мазмұнменен нық байланысты. Осы кезде Абай өзінің дінін, түп нағым жағынан да, моральдық қасиеттер турасы-

нан да және адамгершілік тәрбие мақсатымен де анықтап, таныта түспек болады» дейді (Auezov, 1967: 209).

Түйіндей келгенде, Абай Құнанбайұлының қара сөздері қазақ ұлтының рухани қазынасы ретінде танымды қалыптастыруда қызметі ерекше. Өйткені оның заманында жалпыхалықтық танымы тарихи шындық пен қазақы болмысты барынша сол қалпында ұсынады. Ал бүгінгі қоғам үшін бұл ойлар мен тұжырымдар өшпес мұра. Өйткені оның шығармаларындағы тұжырымдары әр қазақтың бойына ұлттық күш-

қуатпен жігерлендіріп, еліне, жеріне, халқына, т.б патриоттық сезімін оятуда септігі мол. Сол себепті оның әр қара сөзін, ондағы мақсат пен мазмұнды нақты тани білу – ұлттың рухани танымын тануға жол ашады. Бұл өткеннен алар – сабақ, болашаққа сілтер – тура жол.

Тілдік танымы – өткеннен мол мағлұмат беретін, ақиқатты танытып, ғылымға ден қоятын, адамдық сипатты қалыптастырудағы басты құрал. Діни терминдердің қолданысы болса, ақын тұжырымын ашып жеткізуде қолданылған өзіндік ерекше стиль көрінісі.

### Әдебиеттер

- Абай Құнанбаев. (1977). Шығармаларының екі томдық жинағы. II том. – Алматы.  
 Abdussamet Celayir. (2014). Allah (с.с)in 99 İsmi Esma’ül Hüsna. – İstanbul.  
 Арабско-русский словарь. II т. (1994). – Ташкент.  
 Әділбаев А. (2014). Ханафи мазхабы. – Алматы.  
 Әуезов М. (1967). Абай Құнанбаев. – Алма-Ата.  
 Beyhaki. (2015). Şuabul İman (çev. Huseyin Yıldız). – İstanbul.  
 İbn Mace. (2018) Sünen İbni Mace Tercemesi ve Şerhi (çev. Haydar Hatipoğlu). – İstanbul.  
 روتبيي - لسان العرب. (2009). منظور ابن.  
 İlyas Çelebi. (2009). «Sıfat». – İstanbul.  
 İmam Müslim. (2015). Sahih-i Muslim ve Tercemesi (çev. Mehmed Sofuoğlu). – İstanbul.  
 İmam Tirmizî. (2007). Sünen-i Tirmizî Tercemesi (çev. Abdullah Parlıyan). – Konya.  
 Исмайл Чалышкан. (2016). Тәпсір әдістемесі. – Анкара.  
 Кенжетай Д. (2004). Қожа Ахмет Йасауи дүниетанымы. – Түркістан.  
 Құран Кәрім қазақша мағына және түсінігі. (1991) – Сауд Арабиясы, Медине.  
 Мырзахметов М. (1994). Абайтану тарихы. – Алматы.  
 Персидско-русский словарь. II т. (1970). – Москва.  
 Сыздыкова Р. (1995). Абайдың сөз өрнегі. – Алматы.

### References

- Abay Qunanbayev. (1977). Shyqarmalarinin eki tomdyq jinagy. [Two-volume works] II tom. – Almaty.  
 Abdussamet Celayir. (2014). Allah (с.с)in 99 İsmi Esma’ül Hüsna. – İstanbul.  
 Arabsko-ruskii slovar.[Arabic –Russian dictionary] II t. (1994). – Tashkent  
 Adilbayev A. (2014). Hanafi mazhaby.[Hanafi Mazhab] – Almaty.  
 Auezov M. (1967). Abay Qunanbayev. – Alma-Ata.  
 Beyhaki. (2015). Şuabul İman (çev. Huseyin Yıldız). – İstanbul.  
 İbn Mace. (2018) Sünen İbni Mace Tercemesi ve Şerhi (çev. Haydar Hatipoğlu). – İstanbul.  
 Ibn Manzur. (2009). Lisanul Arab. – Beirut.  
 İlyas Çelebi. (2009). «Sıfat». – İstanbul.  
 İmam Müslim. (2015). Sahih-i Muslim ve Tercemesi (çev. Mehmed Sofuoğlu). – İstanbul.  
 İmam Tirmizî. (2007). Sünen-i Tirmizî Tercemesi (çev. Abdullah Parlıyan). – Konya.  
 İsmail Caliskan. (2016). Tafsir adistemesi. [Methodology of Tasfir] – Ankara.  
 Kenjetay D. (2004). Qoja Akhmet Yasawi duniyetanimy.[ worldview of Qoja Akhmet Yasawi] – Turkestan.  
 Quran Karim qazaqsha magyna jane tusinigi. [the concept and meaning of the Koran Karim in Kazakh] (1991) – Saud Arabi-yasy, Madina.  
 Myrzahmetov M. (1994). Abaytanu tarihy. [History of Abay studies]– Almaty.  
 Persidsko-ruskii slovar. [Persian-Russian dictionary] II t. (1970). – Moskva.  
 Syzdyqova R. (1995). Abaydin soz ornegi. [Abay’s the expression of the word] – Almaty.